

**МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР
СУБЪЕКТИСІНІҢ КЕЙБІР
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 15 бабы негізінде қылмыстың субъектісі дегеніміз – белгілі бір жасқа толған есі-дұрыс адам. Қылмыстың субъектісі болып заңды тұлғалар танылмайды. Субъектісіз қылмыс та болмайды. Қылмыстың субъектісі жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді. Есі дұрыстық, заңда белгіленген белгілі жасқа толу және жеке адам болу сияқты белгілер қандай да болмасын қылмыстарға тән, ортақ белгілер. Бұл белгілер жалпы субъектінің түсінігін береді. Қылмыстың субъектісін дұрыс анықтау, тергеу сот органдарының тәжірибелік қызметінде үлкен маңызға ие. В.Н. Кудрявцевтің ойынша, кінәлінің жасы, бұрынғы соттылығының болуы және арнаулы субъект сияқты субъектінің бірқатар белгілері қылмысты саралау үшін ықпал етеді [1, 161 б].

Медицина саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі арнаулы субъект қатарында орын алады. Медицина қызметкерлерінің қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері олардың субъектісінің ерекше мәртебесімен және кәсіби қызметінің әлеуметтік мәнімен анықталады. Отандық қылмыстық құқық доктринасына сәйкес, ҚК Ерекше бөлімінің баптарында субъектінің ерекше белгілері көзделсе арнаулы субъект болып танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі деп, жалпы субъектінің қажетті белгісінен басқа (есі дұрыстық, белгілі бір жасқа толу) сияқты белгілерден басқа нақты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған үшін басқа тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін шектейтін ерекше қосымша белгілер болуы қажет. Медицина қызметі саласында қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгілерін анықтау барысында анықтаушы фактор ретінде заңмен белгіленген медициналық көмек көрсету болуы тиіс.

В.С. Орловтың пікірінше, арнаулы субъекті деп ҚК-тің баптарының диспозициясында қосымша белгілері мен ерекшеліктері бар тұлғалар жатқызылады [2, 138 б].

В.В. Устименконың пікірінше арнаулы субъекті деп арнайы және қосымша белгілері бар тұлғалар танылады [3, 8-9 бб].

Заңи әдебиетте қылмыстың арнаулы субъектісінің ұғымы мен белгілерінің анықтамасына байланысты бірыңғай көзқарас жоқ дей келе, Р.О. Орымбаев, «тиісінше арнаулы субъект, субъектінің жалпы қажетті белгілерінен (есі дұрыстық, белгілі

бір жасқа толу) басқа аталған қылмысты жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін шектейтін ерекше, қосымша белгілерді иеленген тиісті адам танылады», – деді [4, 39-46 бб].

Қылмыстың арнаулы субъектісін топтастыруда әртүрлі көзқарастар бар. М.Н. Сыздықов арнаулы субъект белгілерін төрт топқа бөлді: азаматтық-құқықтық жағдайын сипаттайтын белгілер, демографиялық белгілер, лауазымдық жағдайын, атқаратын жұмысын және кәсібін сипаттайтын белгілер, бұрынғы әлеуметке қарсы іс-әрекетімен немесе қылмыстарды бірнеше рет жасауымен сипатталатын белгілер.

С.С. Молдабаев және С.М. Рахметов арнайы субъектінің келесідей белгілерін сипаттайды: субъектінің жәбірленушімен өзара қатынасын сипаттайтын белгілер, физиологиялық және демографиялық қасиетін сипаттайтын белгілер, құқықтық жағдайын немесе әлеуметтік рөлін сипаттайтын белгілер.

Арнаулы субъектінің осындай белгілерін көрсете отырып, аталған авторлар келесідей жіктеу береді: 1) құқықтық жағдайымен байланысты, 2) демографиялық факторымен байланысты, 3) әлеуметке қарсы іс-әрекетімен байланысты [5, 75-76 бб].

А.Н. Ағыбаев арнайы субъектіні жоғарыға ұқсас бірқатар белгілері бойынша топтастырады [6, 90 б].

Ресей ғалымы Г.Н. Борзенков арнаулы субъектіні белгілері бойынша мынадай үш топқа бөледі: а) құқықтық жағдайы, ә) тұлғаның тәндік қасиеті, б) субъектінің жәбірленушімен өзара қатынасы [7].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 12 тарауы «Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар» үшін қылмыстық жауаптылық көздегендіктен, осы құрамдардың субъектісі ретінде медицина және фармацевтика қызметкерлерін танымыз. Жаңадан қабылданған Қылмыстық кодексте «Медициналық қылмыстық құқық бұзушылық» құрамдарына келесі құрамдар жатады:

1) Медицина және фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы (Қылмыстық кодекстің 317-бабы);

2) Клиникалық зерттеулер жүргізу тәртібін және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолданудың тәртібін бұзу (Қылмыстық кодекстің 318-бабы);

3) Заңсыз түсік жасау (Қылмыстық кодекстің 319-бабы);

4) Науқасқа көмек көрсетпеу (Қылмыстық кодекстің 320-бабы);

5) Дәрігерлік құпияны жария ету (Қылмыстық кодекстің 321-бабы);

6) Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау (Қылмыстық кодекстің 322-бабы);

7) Жалған дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен немесе медициналық техникамен жұмыс істеу (Қылмыстық кодекстің 323-бабы);

2015 жылдың басынан қазіргі уақытқа дейін соттық тергеуге дейінгі бірыңғай реестрде 367 медициналық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Оның ішінде Қылмыстық кодекстің баптары бойынша:

Медицина және фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы – 322 қылмыстық құқық бұзушылық.

Клиникалық зерттеулер жүргізу тәртібін және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолданудың тәртібін бұзу – 2 қылмыстық құқық бұзушылық.

Заңсыз түсік жасау – 32 қылмыстық құқық бұзушылық.

Науқасқа көмек көрсетпеу – 8 қылмыстық құқық бұзушылық.

Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау – 2 қылмыстық құқық бұзушылық.

Жалған дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен немесе медициналық техникамен жұмыс істеу – 1. қылмыстық құқық бұзушылық [8].

Енді біз медицина және фармацевтика қызметкерлерінің субъект ретіндегі ұғымын нақтырақ аша түссек. Медицина қызметкерлері біліктілік деңгейіне сәйкес мамандығы бойынша кәсіби қызметті атқаруға құқығы бар. Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген жағдайлардан басқа, мемлекет органдары және басқа да ұйымдар, сондай-ақ азаматтар тарапынан медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметіне араласуға тыйым салынады.

Фармацевтика қызметкерінің ұғымын анықтап алмастан бұрын, фармацевтикалық қызметтің түсінігін ашып кетсек. Фармацевтикалық қызмет деп денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылатын, дәрілік заттардың (препараттар-

дың) қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді, дәрілік заттардың өндірісін, жасалуын, жойылуын және өткізілуін (бөлінуін) қамтитын қызметті айтамыз.

Фармацевтика қызметкерлері – жоғары фармацевтика біліміне сәйкес дәрілік заттар айналымына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға құқылы жоғары фармацевтикалық білімі бар адам. Аталған талаптарды қанағаттандыру үшін химия және биология саласында арнайы дайындықтан өткен жоғары фармацевтикалық білімі бар провизорлар жіберіледі. Құқық бұзушылықтың субъектісі арнайы – заңға және арнайы ережелерге сай кәсіби міндетін атқару барысында көмек көрсетуге міндетті 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті төмендегі мамандар көрсете алады: учаскелік терапевт, педиатр, акушер-гинеколог, жалпы тәжірибелі дәрігер, фельдшер және медбике. Дәрігерлік құпияның субъектісі жоғары (дәрігерлер) және орта (медбикелер) медициналық білімі бар барлық медицина қызметкерлері, сонымен қатар медициналық білімі жоқ тұлғалар (бала бағушы, күтуші, тіркеуші) болып табылады. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау құрамы бойынша құқық бұзушылық субъектісі болып медицина және фармацевтикалық қызмет түріне сертификаты немесе лицензиясы жоқ 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға танылады. Жалған дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен немесе медициналық техникамен жұмыс істеу құрамы бойынша құқық бұзушылық субъектісі болып медицина және фармацевтикалық қызмет түріне сертификаты немесе лицензиясы

бар, 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға танылады. Бірақ тікелей кәсіби ем көрсету кезінде барлық медицина қызметкерлері ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттердің ұстанушысы ретінде қарастырылмайды. Осы міндеттерді атқарумен байланысты емес науқасқа операция жасап жатқан бас дәрігер немесе бөлім меңгерушісі, өзінің лауазымдық міндеттерін емес, тек қана кәсіби құзыреттерін жүзеге асырады. Медицина қызметкерлері кәсіптік қызметтерін атқарумен байланысты әкімшіліктің өкілі емес, тек қана хирург немесе гинеколог болады. Лауазымды қылмыстар объект және субъект белгісі бойынша Қылмыстық кодексте дербес тарауға бөлініп шығарылған. Біз бұл жерде медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік және лауазымдық міндеттерінің арақатынасын нақты ажыратуды айтып кетуіміз қажет. Мәселен, аурухананың бас дәрігері жұмысқа орналастырғаны үшін адамнан ақша талап етіп алса, Қылмыстық Кодекстің 366 бабы «Пара алу» бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бас дәрігер жеке бас пайдасы үшін құжаттарға өзгерістер енгізсе, Қылмыстық кодекстің 369 бабы «Қызметтік жалғандық жасау» бойынша қылмыстық жауаптылық көзделеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай тұжырым жасауға болады:

Медицина және фармацевтика қызметкерлері субъект ретінде тікелей емдеумен және дәрілік қызметті қамтамасыз етумен байланысты кәсіби міндетін жүзеге асыратындықтан кәсіби міндетіне қарай жіктелуі қажет, ал лауазымдық құзыретін жүзеге асыруға байланысты медициналық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған лауазымды медицина қызметкері жаңа Қылмыстық кодекстің 371-бабымен сараланатындықтан лауазымдық белгісі бойынша жіктелуі тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификаций преступлений. – М.: Юрид. лит. – М.: Юрист., 2006. – 352 с.
- 2 Орлов В.С. Субъект преступления по советскому уголовному праву. – М.: Юридическая литература, 1958. – 260 с.
- 3 Устищенко В.В. Специальный субъект преступления. – Киев: Изд-во Вища школа, 1989. – 104 с.
- 4 Орымбаев Р. Специальный субъект преступления. – Алма-Ата: Изд-во Наука Каз ССР, 1977. – 155 с.
- 5 Уголовное право: Общая часть / под. ред. проф. А.Н. Агыбаева, проф. И.И. Рогова, проф. Г.И. Баймурзина. – Алматы: Изд-во Қазақ Университеті, 2005. – 242 с.
- 6 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Жалпы бөлім. – Алматы: Жеті-Жарғы, 1999. – 320 б.
- 7 Борзенков В.А. Специальный субъект. – <http://www.spbravo.ru/> 2006. 05. 18.
- 8 Данные комитета по статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК «<http://service.pravstat.kz>». 2015.09.15

References

- 1 Kudriavtcev V.N. Obchayia teoriya kvalifikatci prectupleni. – M.: Urid lut.. – M.: Urist., 2006. – 352 s.
- 2 Orlov V.S. Subiekt prestupleniya po sovetскому ugovnomu pravu. – M., Uridicheskaiya literatura, 1958. – 260 s.
- 3 Ustimenko V.V. Spetsialniu subiekt prestuplenia. – Kiev: Izd Vicha chkola, 1989. – 104 s.
- 4 Orimbaev. R Spetsialniu subiekt prestupleniya. – Alma-Ata: Izd-vo Nauka Kaz SSR, 1977. – 155 s.
- 5 Ugolovnoe pravo: Obchayia chast / pod. red. prof. A.N. Agibaeva, prof I.I. Rogova, prof G.I. Baimurzina. – Almaty: Izd-vo Kazak Universiteti, 2005. – 242 s.
- 6 Agibaev A.N. Kilmistik kukuk: Jalpi bolim. – Almaty: Jeti-Jargi, 1999. – 320 b.
- 7 Borzenkov V.A. Spetsialni subiekt. – hth:// www. spbravo. ru/ 2006. 05. 18.
- 8 Dannie komiteta po statistike i spetsialnim uchetam Generalnoi prokuraturi RK «<http://service.ppravstat.kz>». /2015.09.15.